№29 (7972)
19/07/2022 ж.

Бәйтерек аудандық қоғамдық-саяси газеті

# Ауыл тынысы

www.auyltynysy.kz
auyltynysy@mail.ru

www.facebook.com/zhaikpress
twitter.com/zhaikpress
www.instagram.com/zhaikpress.




## Жайылымға жарымай отырған ауыл

**Жайылым мәселесі жыл өткен сайын өзекті болып келеді. Еліміздің көптеген өңірінде, соның ішінде облысымызда да бұл түйткіл жоқ емес. Соңғы кезде ауданымызда егінмен қатар, мал шаруашылығы да жақсы дамып келеді. Төрт түліктің көбеюі жайылым жетіспеушілігін тудыруда. Міне, сондай жағдай Достық ауылдық округінде орын алып отыр.**

Бұл ауылдық округте тұрғындар саны 6000-ға жуық болса, оның 4914-і Достық ауылының есебінде тұр. Бұрын жөндеу-тракторлы бекет (РТС) болып құрылған осы ауылға тәуелсіздік таңы атқан соң өңіріміздің алыс аудандарынан көшкендер келіп қоныстана бастады. Соңынан үй салуға арнайы жер телімдері бөлініп, ауыл үлкейе түсті. Қазір мұнда жер көлемі 15 548,5 гектарды құраса, соның ішінде ауыл шаруашылығына бөлінгені 12 700 га. Елді мекен жері – 2573 га. 275 гектар жер – орман алқабы. Ауылдағы ағайын бір-екі бас малымен келіп, оларды айналаға жайып күнелтті. Жердің құнарлығына байланысты соңғы кезде мұнда да өсімдік шаруашылығына ден қоюшылар артты. Бұл жайылымның тарылуына әсерін тигізуде.

Осы жағдайды айтып, аталмыш ауылдың бір топ тұрғыны редакциямызға өтінішпен жүгінген соң Достық ауылына арнайы бардық.

– Мен 1962 жылдан бері осы ауылда тұрамын. Көптен бері мал ұстап келеміз. Ол кезде тұрғындар саны аз болғасын ба, шаруа қожалықтары көп болмағаннан ба, жеке үй салуға жер телімдері берілмеген соң ба, жайылымға қатысты мәселе туындамайтын. Қазір біздің жанымызға батып тұрғаны – күні кешеге дейін малымызға жайылыс болған жер жекенің, яғни «Причаганье» ЖШС-ның иелігіне берілгені. Ол жерге серіктестік егін екті. Енді біз малымызды қайда жаярымызды білмей дағдарып қалдық. Өткенде малымыз егістікке түсіп, оған айыппұл төлеттірді. Сондықтан малымызды амалсыз аулада байлап ұстауға мәжбүрміз. Ауыл басшылары, құзырлы құрылым өкілдері біз үшін өзекті мәселеге атүсті қарап отырғаны қынжылтады, – деді бізбен кездескен ауыл ақсақалы Орынбасар Кереев.

Мемлекет қолдауымен мал алып, өсіріп отырған жанұяларға да бұл қиын тиіп тұр. Аяжан Рысқалиева – сондай жанның бірі. Ол 2017 жылы несиеге ірі қара алған. Ай сайын 50 мың теңге несиесін төлеп отырған көрінеді.

– Егер жайылым жоқ болса, бұл малды қалай бағамыз? Онда амалсыз сатуға тура келеді. Сатып жіберсек, мойнымызға ілініп тұрған несиені немен төлейміз? Сөздің шыны керек, бұл мал өзін-өзі ақтап отырған жоқ. Жөнді жайылыс болмағасын, сүт те шықпайды. Жем-шөп те қымбат. Сонда не істейміз? – дейді ол.

5-бет

**3-бет**

**...Аудандық «Жұбан молда» мешітінде «Имани жаз – 2022» жазғы сауат ашу курсы басталмақшы. Мектеп оқушыларының жазғы демалысын пайдалы өткізу мақсатында жыл сайын ұйымдастырылып келе жатқан бұл жоба аясында биыл да жас ұрпақ Құран әліппесімен танысып, әдеп және имандылық дәрістерімен сусындамақ...**

**4-бет**

**...Өмірде де, қоғамда да ананың орны ерекше. Мемлекет тарапынан аналарды, әсіресе, көп балалы аналарды қолдау, қорғау бойынша барынша жағдай жасалуда. «Алтын алқа», «Күміс алқа» белгілерін беру, түрлі жеңілдік жасау – соның айқын дәлелі. Баланы дүниеге әкелу бар, оған жақсы тәлім-тәрбие беру бар...**

**6-бет**

**...«Неке» деп шаңырақ көтеруші ер мен әйелдің ұсыныс және қабылдау арқылы сөз байласуын атаймыз. Неке өзіндік шарттары мен міндеттерінің орындалуы арқылы жүзеге асады. Осындай арнайы шарттардың жүзеге асуы арқылы құрылған некеге халқымыз «адал неке», «ақ неке» деген сөз тіркестерін қолданған...**

**11-бет**

**1. Жүрегіңізді жек көрушілік сезімінен босатып алыңыз – сізге жамандық жасаған жандардың бәріне кешіріммен қараңыз.**
**2. Жүрегіңізді толқыған сезімнің лапылынан ажыратып алыңыз – олардың дені сізге мұндайда пайда әкелмейді.**
**3. Өмірді барынша қарапайым өткізіңіз, қолыңызда барына қанағат қылыңыз.**
**4. Өзіңіздің беретініңіз көп болсын.**
**5. Өзгеден күтетініңіз аз болсын.**

**БАСПАСӨЗ – 2022**

**Қадірлі оқырман!**

**Аудандық «Ауыл тынысы» газетіне 2022 жылдың II жарты жылдығына жазылу баламалы негізде жалғасуда.**

**Газетке алты айға жазылу құны:**

«Ауыл тынысы» редакциясы арқылы:
- жеке тұлғалар үшін – 1200 теңге;
- мекемелер мен ұйымдар үшін – 2235 теңге.

Орал қаласында орналасқан «Информбиржа news» дүңгіршегі арқылы
- жеке тұлғалар үшін – 1200 теңге.

**Редакция мекенжайы:**
**Переметный ауылы, Гагарин көшесі, 83.**




**ПОДПИСКА – 2022**

**Дорогие читатели!**

**Продолжается подписка на альтернативной основе на II полугодие 2022 года на районную газету «АУЫЛ ТЫНЫСЫ».**

**Подписная стоимость газеты на 6 месяцев:**

Через редакцию «Ауыл тынысы»:
для индивидуальных подписчиков – 1200 тенге;
для предприятий и организаций – 2235 тенге.

Через киоск, расположенный в г. Уральске в редакции газеты «Информбиржа news» – 1200 тенге.

**Адрес редакции газеты:**
**с. Переметное, ул. Гагарина, 83.**

ТӘМСІЛДЕР ТӘЛІМІ

# ЕСЕК ПЕН ҚҰДЫҚ

Бірде есек абайсызда есік алдындағы құдыққа құлап кетті. Ішке түскеннен кейін тізесіне дейін су кешіп тұрған ол сыртқағы жұрттан көмек сұрап, қатты ақыра бастады. Оның ащы дауысын естіген қожайыны келіп, құдық ішіне үңіліп қарады. Бірақ есекті төменнен суырып алып шығудың мүмкін емес екеніне көз жеткізіп, арындаған екпіні тез басылып қалды.

Сол кезде үйдің егесі «Есек болса, әбден қартайды, оның тірлігі бітуіне де көп қалған жоқ. Мен онсыз да жас есек сатып алмақшы болып жүргем. Құдықтың да суы тартылып келе жатыр. Оны да жаңадан қазуым керек. Сондықтан құдықты көміп тастағаннан басқа амал қалмапты. Сонда бір оқпен екі қоян атып аламын – қартайған есекті де жерлеймін, құдықты да бітеп тастаймын», деген ойға келді.



Көп ойланып жатпаған қожайын көрші-қолаңын көмекке шақырып, құдықты кідірмей көмуге кірісті. Құдық түбіндегі есек мәселенің мәнісін бірден түсіне қойып, бұрынғыдан бетер бақыра түсті. Бірақ жұрт оның бақырғанына назар аудармай, төмен қарай топырақ атуын жалғастыра берді.

Бір кезде есектің де үні өшті. Сол уақыт қожайын құдықтың ішіне үңіліп, таңғаларлық көрініске тап болды. Сөйтсе, әр кетпен топырақ түскен сайын есек арқасын бір сілкіп қалып, оның үстіне тұяғын артып тұра берген екен. Ақырында топырақ құдық бетіне жақындап қалған кезде топырақпен бірге жоғары көтеріліп келе жатқан есек далаға ырғып шыға келді...

...Бәлки, сіздің өміріңізде де осыған ұқсас жайттар кездесіп қалған шығар. Амандық болса, өмір бұдан кейін де осындай қолайсыз жақтарын тықпалай түсетін болар. Тамаққа өксік тығылып тұра қалатын сондай кездің бәрінде осы есектің тағдырын есіңізге бір түсіріп көріңіз. Мүмкін, мұның пайдасы тиіп қалар. Сіздің де осындай терең құдықтан сыртқа шығып кетуіңізге жамандық жасаушылардың әрекетінің өзі жәрдемдесіп кетер...

Осыған байланысты мынадай бес қарапайым қағиданы есте ұстап қалған ләзім.

1. Жүрегіңізді жек көрушілік сезімінен босатып алыңыз – сізге жамандық жасаған жандардың бәріне кешіріммен қараңыз.

2. Жүрегіңізді толқыған сезімнің лапылынан ажыратып алыңыз – олардың дені сізге мұндайда пайда әкелмейді.

3. Өмірді барынша қарапайым өткізіңіз, қолыңызда барына қанағат қылыңыз.

4. Өзіңіздің беретініңіз көп болсын.

5. Өзгеден күтетініңіз аз болсын.

**ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ**

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Батыс Қазақстан облыстық филиалы «Круглоозерный кентінің әкімшілік шекарасы шеңберінде, Көшім ауылдық округі бойынша, Щапов ауылдық округі бойынша А-28 «Атырау – Орал» 5-492 шақырым автомобиль жолын, 452-492 шақырым учаскесін қайта құру жұмыс жобасын әзірлеу» шеңберінде жобалық шешімдер бойынша қоғамдық тыңдау өткізеді.

Круглоозерный кенті – 27.07.2022 жылы сағат 16.00-де Круглоозерный кенті, Астана көшесі, 82 мекенжайы бойынша (акт залы).

Көшім ауылдық округі – 28.07.2022 жылы сағат 10.00-де Үлкен Шаған ауылы, Абай көшесі, 19 (ауылдық клуб) мекенжайы бойынша.

Щапов ауылдық округі – 28.07.2022 жылы сағат 15.00-де Щапов ауылы, Абылай хан көшесі, 1б.

Барлық сұрақ бойынша хабарласыңыз:
- тапсырыс беруші – «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Батыс Қазақстан облыстық филиалы, Орал қаласы, Исханов көшесі, 44/1, тел.: 8(7112)51-10-51, эл. адрес: zko.info@qaj.kz;
- жобаны әзірлеуші – «ҚазДорПроект» ЖШС, тел.: 8 777-749-30-03;
- Круглоозерный кентінің әкімдігі: 8(7212) 52-06-77;
- Көшім ауылдық округінің әкімі: 8 (71130)76-169, 76-143;
- Щапов ауылдық округінің әкімдігі: 8 (71130)76-132, 69-121.

**ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ОБЩЕСТВЕННЫХ СЛУШАНИЙ**

Западно-Казахстанский областной филиал АО «НК «КазАвтоЖол» проводит общественные слушания по проектным решениям в рамках разработки рабочего проекта «Реконструкция автомобильной дороги А-28 «Атырау – Уральск» км 5-492, участок км 452-492 в рамках административных границ поселка Круглоозерный, по Кушумскому сельскому округу, по Щаповскому сельскому округу».

П. Круглоозерный – 27.07.2022 года в 16.00 по адресу: п. Круглоозерный, ул. Астана, 82 (актовый зал).

Кушумский сельский округ – 28.07.2022 года в 10.00 по адресу: с. Большой Чаган, ул. Абая, 19 (сельский клуб).

Щаповский сельский округ – 28.07.2022 года в 15.00 по адресу: с. Щапово, ул. Аблай хана, 1б.

По всем вопросам обращаться:
- заказчик – Западно-Казахстанский областной филиал АО «НК «КазАвтоЖол», г. Уральск, ул. Исканова, 44/1, тел.: 8(7112)51-10-51, эл. адрес: zko.info@qaj.kz;
- разработчик проекта – ТОО «КазДорПроект», тел.: 8 777-749-30-03;
- акимат поселка Круглоозерный: 8(7212)52-06-77;
- акимат Кушумского сельского округа: 8(71130)76-169, 76-143;
- акимат Щаповского сельского округа: 8(71130)69-132, 69-121.

«БҚО құрылыс басқармасы» ММ 2022 жылдың 26 шілдесі мен 1 тамызы аралығында бірыңғай экологиялық порталда (Ecoportal.kz) «БҚО, Бәйтерек ауданы, Жалын ауылында орналасқан ірі панельді схемадағы 54 орынға арналған шағын кешенді мектеп құрылысы» жобасы бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Бас жобалаушы: «Газпромпроект» ЖШС.

ҚОӘБ дайындаған: «ENBEK GROUP KAZAKHSTAN» ЖШС, Орал қаласы, Кемеңгер к-сі,1, тел.: +7 (7112) 54-96-88.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық портал сайтында танысуға болады. Барлық ескерту немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қабылданады.

ГУ «Управление строительства ЗКО» сообщает, что с 26 июля по 1 августа 2022 года на едином экологическом портале (Ecoportal.kz) будут проводится общественные слушания в форме публичного обсуждения по проекту «Строительство малокомплектной школы на 54 места по крупнопанельной схеме в селе Жалын, района Бәйтерек, ЗКО».

Генеральный проектировщик: ТОО «Газпромроект».

Разработчик РООС: ТОО «ENBEK GROUP KAZAKHSTAN»; ЗКО, г. Уральск, ул. Кеменгер,1, тел.:+7 (7112) 54-96-88.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений.

«Батыс Қазақстан облысы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ «Үлкен Шаған – Преметный – Вечный а/ж Деркөл өзені арқылы өтетін көпірді күрделі жөндеу» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінің материалдары бойынша көпшілік талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

26 шілдеден бастап 2 тамызға дейін бірыңғай экологиялық портал сайтында жария талқылаулар өткізіледі және ескертулер мен ұсыныстар қабылданады.

Құжаттаманы әзірлеуші: «Экогеоцентр» ЖШС, 87142500293.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен мына сайтта танысуға болады: ecoportal.kz.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты 87142500293 телефоны арқылы сұратуға болады. Электронды адрес: 500293@bk.ru.

ГУ «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог Западно-Казахстанской области» объявляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по материалам раздела «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Капитальный ремонт моста через р. Деркул на а/д Большой Чаган – Переметное – Вечный».

С 26 июля по 2 августа на сайте единого экологического портала проводятся публичные обсуждения и принимаются замечания и предложения.

Разработчик документации: ТОО «Экогеоцентр», 87142500293.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте ecoportal.kz.

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел.: 87142500293, электронный адрес: 500293@bk.ru.

Меншік иесі:
"Жайық Пресс" ЖШС
Бас директор
Табылғали САПАРОВ

"Жайық Пресс" ЖШС Бәйтерек аудандық "Ауыл тынысы" қоғамдық-саяси газетінің директор-редакторы
Сәкен ӘБІЛХАЛЫҚОВ

Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2012 жылы 19 қаңтарда тіркеліп, №12262-Г куәлігі берілген.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты.

Мекенжайымыз: 090600, Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Переметный ауылы, Гагарин көшесі, 83
Телефондар: редактор: 22-3-74, есеп бөлімі: 23-4-12.
Біздің электронды поштамыз E-mail: auyltynysy@mail.ru

Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет "Жайық Пресс" медиахолдингінде компьютерлік әдіспен терілін, беттелді.
"Полиграфсервис" ЖШС баспаханасында басылды.
Орал қаласы, Л. Толстой көшесі, 27/6.

Газет аптасына 1 рет шығады.

Көлемі 2 баспа табақ. Тапсырыс: 29.
Таралымы 2463 дана.

Кезекші редактор С. МАЗГУТОВА

бақыра түсті. Бірақ шаруа оның бақырғанына назар аудармай, төмен қарай топырақ атуын жалғастыра берді.

Бір кезде есектің де үні өшті. Сол уақыт қожайын құдықтың ішіне үңіліп, таңғаларлық көрініске тап болды. Сөйтсе, әр

...қолайсыз жақтарын тықпалай түсетін болар. Тамаққа өксік тығылып тұра қалатын сондай кездің бәрінде осы есектің тағдырын есіңізге бір түсіріп көріңіз. Мүмкін, мұның пайдасы тиіп қалар. Сіздің де осындай терең құдықтан сыртқа шығып кетуіңізге жамандық

...ның лапылынан ажыратып алыңыз – олардың дені сізге мұндайда пайда әкелмейді.

3. Өмірді барынша қарапайым өткізіңіз, қолыңызда барына қанағат қылыңыз.

4. Өзіңіздің беретініңіз көп болсын.

5. Өзгеден күтетініңіз аз болсын.

Щаповский сельский округ – 28.07.2022 года в 15.00 по адресу: с. Щапово, ул. Аблай хана, 16.

По всем вопросам обращаться:

- заказчик – Западно-Казахстанский областной филиал АО «НК «КазАвтоЖол», г. Уральск, ул. Исханова, 44/1, тел.: 8(7112)51-10-51, эл. адрес: zko.info@qaj.kz;
- разработчик проекта – ТОО «КазДорПроект», тел.: 8 777-749-30-03;
- акимат поселка Круглоозерный: 8(7212)52-06-77;
- акимат Кушумского сельского округа: 8(71130)76-169, 76-143;
- акимат Щаповского сельского округа: 8(71130)69-132, 69-121.

«БҚО құрылыс басқармасы» ММ 2022 жылдың 26 шілдесі мен 1 тамызы аралығында бірыңғай экологиялық порталда (Ecoportal.kz) «БҚО, Бәйтерек ауданы, Жалын ауылында орналасқан ірі панельді схемадағы 54 орынға арналған шағын кешенді мектеп құрылысы» жобасы бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Бас жобалаушы: «Газпромпроект» ЖШС.

ҚОӘБ дайындаған: «ENBEK GROUP KAZAKHSTAN» ЖШС, Орал қаласы, Кеменгер к-сі,1, тел.: +7 (7112) 54-96-88.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық портал сайтында танысуға болады. Барлық ескерту немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қабылданады.

---

ГУ «Управление строительства ЗКО» сообщает, что с 26 июля по 1 августа 2022 года на едином экологическом портале (Ecoportal.kz) будут проводится общественные слушания в форме публичного обсуждения по проекту «Строительство малокомплектной школы на 54 места по крупнопанельной схеме в селе Жалын, района Бәйтерек, ЗКО».

Генеральный проектировщик: ТОО «Газпромроект».

Разработчик РООС: ТОО «ENBEK GROUP KAZAKHSTAN»; ЗКО, г. Уральск, ул. Кеменгер,1, тел.:+7 (7112) 54-96-88.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений.

«Батыс Қазақстан облысы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ «Үлкен Шаған – Преметный – Вечный а/ж Деркөл өзені арқылы өтетін көпірді күрделі жөндеу» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімінің материалдары бойынша көпшілік талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

26 шілдеден бастап 2 тамызға дейін бірыңғай экологиялық портал сайтында жария талқылаулар өткізіледі және ескертулер мен ұсыныстар қабылданады.

Құжаттаманы әзірлеуші: «Экогеоцентр» ЖШС, 87142500293.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен мына сайтта танысуға болады: ecoportal.kz.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты 87142500293 телефоны арқылы сұратуға болады. Электронды адрес: 500293@bk.ru.

---

ГУ «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог Западно-Казахстанской области» объявляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по материалам раздела «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Капитальный ремонт моста через р. Деркул на а/д Большой Чаган – Переметное – Вечный».

С 26 июля по 2 августа на сайте единого экологического портала проводятся публичные обсуждения и принимаются замечания и предложения.

Разработчик документации: ТОО «Экогеоцентр», 87142500293.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте ecoportal.kz.

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел.: 87142500293, электронный адрес: 500293@bk.ru.

**Меншік иесі:**
**"Жайық Пресс" ЖШС**
**Бас директор**
**Табылғали САПАРОВ**

**"Жайық Пресс" ЖШС Бәйтерек аудандық "Ауыл тынысы" қоғамдық-саяси газетінің директор-редакторы**
**Сәкен ӘБІЛХАЛЫҚОВ**

Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2012 жылы 19 қаңтарда тіркеліп, №12262-Г куәлігі берілген.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты.

Мекенжайымыз: 090600, Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Переметный ауылы, Гагарин көшесі, 83
Телефондар: редактор: 22-3-74, есеп бөлімі: 23-4-12.
Біздің электронды поштамыз E-mail: auyltynysy@mail.ru

Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет "Жайық Пресс" медиахолдингінде компьютерлік әдіспен терілді, беттелді. "Полиграфсервис" ЖШС баспаханасында басылды. Орал қаласы, Л. Толстой көшесі, 27/6.

Газет аптасына 1 рет шығады.

Көлемі 2 баспа табақ. Тапсырыс: 29. Таралымы 2463 дана.

Кезекші редактор С. МАЗГУТОВА